

Жастар ұйымдары жеңімпаз

Қостанай облысының ҰЕҰ арасында жыл сайынғы дәстүрге айналған әлеуметтік идея мен жобалар жәрмеңкесі өтті. Іс-шараға облыстың барлық ҰЕҰ және БАҚ өкілдері мен басқарма басшылары қатысты. Байқауға облыс бойынша 107 жоба ұсынылып, соның жетеуі жеңімпаз атанды.

Арқалық қаласынан жәрмеңкеге 14 жоба ұсынылып, соның екеуі жеңімпаз болып табылды. Атап айтқанда Арқалық политехникалық колледжінің бастамашыл жастары ұсынған «Жастар бастамаларын қолдау» жобасы үздік шықты. Аталған жобаның әлеуметтік маңызы - мектеп оқушыларының кәсіптік бағдарының міндеттерін шешуге бағытталған. Мақсаты - Елбасы айтқан «Барлығына арналған тегін кәсіптік - техникалық білім» міндеттерді назарға ала отырып, жастарды осы



салаға тарту. Ал, екінші жоба Ы. Алтынсрин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының «Линия успеха» еріктілер тобының «Өмір ғажап» жобасы. Жобаның мақсаты - студенттерге жастар арасындағы суицидке қарсы

іс-шаралар ұйымдастыру және салауатты ой - сана қалыптастыру.

Жастар жобалары жәрмеңкесіне облыс әкімінің орынбасары М. Жүндібаев қатысып, жеңімпаздарға 200 мың теңге және дипломадар табыстады.

«Торғай - ақпарат»